

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2014 жылға арналған жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1547 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 наурыздағы № 287 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2014 жылға арналған жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1547 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2014 жылға арналған жоспарында: реттік нөмірлері 2, 3 және 5-жолдар алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 12-1, 12-2 және 35-1-жолдармен толықтырылсын:

«

12-1	Үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары туралы	ЭБЖМ	Қаңтар	Ақпан	Маусым	Т.М. Жақсылықов
12-2	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	ЭБЖМ	Қаңтар	Ақпан	Маусым	Т.М. Жақсылықов
35-1	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	ЭБЖМ	Шілде	Тамыз	Қыркүйек	М. Е. Әбілқасымова

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
С.Ахметов*